**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКА ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**
**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

«Бекітемін»
Педагогика және психология
факультетінің деканы
_______Ғ.Ә. Абаева
«25» 06 2024 ж.

**8D01301- Бастауыш білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторантураға**

# ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

8D01301- Бастауыш білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсуге арналған бағдарлама Абай атындағы ҚазҰПУ Бастауыш білім беру кафедрасының отырысында талқыланды
«03» 06 2024 ж., хаттама № 12

Кафедра меңгерушісі:
п.ғ.д., профессор Жұмабаева Ә.Е. __________

Бағдарлама Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және психология факультетінің Ғылыми кеңесімен мақұлданды.

«25» 06 2024 ж., хаттама № 11.

Алматы, 2024 ж

## 1. Кіріспе

1.1 «8D01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша түсу емтиханының бағдарламасы «8D01301-Пәнсіз мамандандырылмаған педагогтерді даярлау» бағыты бойынша докторантураға түсуге ниет білдірушілер үшін қабылдау емтиханын өткізу тәртібін белгілейді.

1.2 «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КАҚ (бұдан әрі – Абай университеті) білім беру бағдарламаларына оқуға түсетін тұлғаларды қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларымен регламенттеледі.

1.3 Түсу емтиханының мақсаты – болашақ докторанттардың білімдер жинағын анықтау, сонымен бірге олардың жан-жақты құзыреттіліктерінің докторантураның білім беру бағдарламасы бойынша оқу барысында қалыптасатын арнай құзіреттіліктерді нәтижелі игеруге сәйкестігін бағалау.

**Міндеттері:** – болашақ докторанттардың ақпараттарды іздестіру, іріктеу синтездеу және нақтылауды жүзеге асыруға даярлығы мен қабылеттерін бағалау;

– түсушілердің докторлық білім беру бағдарламасындағы оқу пәнін түсінгендігін бағалау;

– түсушілердің заманауи ақпараттық ресурстарын қолдануға даярлығынбағалау;

– бүгінгі таңдағы ғылымдағы және өнеркәсіптегі заманауи ғылыми және тәжрибелік мәселелерді қоя және шеше білуін, ЖОО-да сабақ бере білуін, бастауыш білім беру саласында зерттеу және басқарушылық іс-әрекетті нәтижелі жүзеге асыра білу қабылеттерін бағалау.

## 2. Докторантураға түсушілерге қойылатын талаптар

2.1 Докторантураға түсуге үміткерлердің педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесі, жалпы білім және зияткерлік деңгейі жоғары, аналитикалық ойлауы, бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі, тарихы бойынша білімі болуы тиіс.

2.2 Докторантураға түсуге үміткерлердің келесі білімімен дағдылары болуы тиіс:

1) Бастауышта оқыту теориялық негіздері, оның әдіснамасы, олардың негізгі ұғымдары мен әдістері, әдістемелік ерекшеліктері туралы білімінің болуы.

2) Ақпараттық ағындардың тез жаңаруы мен өзгеру жағдайында дәстүрлі әдістер мен қатар инновациялық технологияларды қолдану арқылы стандартты жағдайларда бастауыш білім беру саласындағы мәселелерді

талдау және сыни бағалау қабілетіне ие болу.

3) Инновациялық, ақпараттық-коммуникациялық, цифрландыру технологияларын пайдалана отырып, нақты дамып келе жатқан әлемнің жаңа жағдайларында мәселелерді шешу жолдарын анықтай білу, түйінді мәселелерді ажырату және тұжырымдау.

4) Ұлттық және тарихи сана-сезімді, төзімділікті дамыту үшін білімді пайдалана білу, бастауыш білім тақырыптарына сұхбат жүргізе білу; қызметтің тәжрибелік мәселелерін (білім беру, зерттеу, қоғамдық) шешу үшін қажетті білімді генерациялау қабілеті; алған білімді түрлі білім беру жүйелеріне бейімдеу және пайдалану қабілеті.

## 3. Білім беру бағдарламасының пререквизиттері

3.1 Докторантурада кадрлар даярлау магистратураның білім беру бағдарламалары базасында жүзеге асырылады. Бұл ретте докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда, алдыңғы білім беру деңгейінің оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады; докторантураның білім беру бағдарламасының бейінімагистратура бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда докторантқа игеру үшін пререквизиттер белгіленеді. Магистратурада оқу кезінде міндетті пәндер тізбесіне кіретін келесі пәндер «8D01301–Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша докторантураның білім беру бағдарламасының пререквизиттері болып табылады:

1. Ғылыми зерттеудің әдіснамасы және әдістері (5 кредит).
2. Бастауыш мектеп педагогикасы мен ғылымының өзекті мәселелері (5 кредит).
3. Жоғары мектеп педагогикасы (4 кредит).

3.2 Қажетті пререквизиттер тізбесін және оларды игеру мерзімдерін Абай университеті дербес айқындайды. Пререквизиттер ақылы негізде меңгеріледі. Пререквизиттер ретінде докторант тиісті деңгейдегі бейресми білім берудің оқыту нәтижелерін ұсынады, олар Абай университетінде Заңның 5-бабы 38-3) тармақшасына сәйкес танылады. Докторантураға бейіндік бағыттағы магистр түскен кезде оған пререквизиттер ретінде ғылыми-педагогикалық магистратураның педагогикалық бейінінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы қосымша белгіленеді.

## 4. Түсу емтихандарын өткізу тәртібі

4.1 Докторантураға түсушілер үшін түсу емтихандар басталғанға дейін қабылдау комиссиясы талапкерлермен жұмысты жүргізуді жүзеге асырады:

1) Оқуға түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының таңдалатын тобының мәселелері бойынша кеңес беру, түсу емтиханының рәсімімен таныстыру;

2) Оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдау және тексеруді ұйымдастыру;

3) Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханын

өткізуді ұйымдастыру (емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі, нәтижелерді жария ету уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі түсіндіріледі).

Докторантураға түсу емтиханы қағазға жазу форматында өткізіледі.

4.2 Абай университеті докторантурасына түсу емтиханы мыналардан тұрады:

1) эссе жазу;

2) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар.

Эссені бағалау нәтижелерін жинақтау және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап беру арқылы алынған балдардың жиынтығы қорытынды баға болып табылады.

4.2 Докторантураға түсушілер үшін түсу емтихандары 100 балдық жүйе бойынша бағаланады.

4.3 Түсу емтиханының нәтижелері баға ведомостімен, комиссия хаттамасымен ресімделеді. Комиссия хаттамасына төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

4.4 Түсу емтихандарының нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

4) Түсу емтиханын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

## 5. Түсу емтиханының бағдарламасы

***5.1 Докторантураға түсушілерге арналған түсу емтиханы эссе жазудан және емтихан билеттері бойынша ауызша жауаптан тұрады:***

1) тақырыптар тізбесі бойынша эссе жазу – емтихан кезінде 1 сағат, көлемі кемінде 3 бет.

2) Эсседе жұмыс тақырыбы және талапкердің осы мәселеге жеке көзқарасы ашылып көрсетілуі керек. Эссеге осы мәселенің теориялық немесе тарихи ашылуын, тақырып бойынша оқуға түсушінің ғылыми білімін, берілген мәселенің немесе мәселенің ұлттық және әлемдік ауқымдағы болжамды шешімін қосуға болады. Эссе туындының талдамасын да қамтиды. Талапкер таңдалған тапсырма нысанын талдау тұрғысын өз бетінше таңдайды.

Докторантураға түсушіге жауап дайындау үшін 30 минут беріледі.Жауапқа дайындық кезінде ол ауызша жауап парағында жазба жүргізуге міндетті. Емтихан тапсыру барысында оқуға түсушілерге емтихан билетінің мазмұны бойынша, сондай-ақ түсу сынағының бағдарламасы шегінде пәннің кез келген бөлімі бойынша да қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін.

***5.2 Эссені бағалау түрлері мен критерийлері:***

Теориялық білім, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін құру қабілетінде көрсетілген аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтауүшін эссенің келесі түрлері

ұсынылады:

| Эссе түрлері | Сипаттамасы | Эссенің көлемі |
|---|---|---|
| Мотивациялық | Оқуға түсушінің ғылыми-зерттеу қызметіне ынталану себептері туралы дәлелдемесі (researchstatement) | 250-300 сөз |
| Ғылыми-талдамалық | Оқуға түсушінің болжамды зерттеудің өзектілігі мен әдіснамасына негіздеме беруі (researchproposal) | |
| Проблемалық - тақырыптық | Пән білімінің өзекті аспектілері бойынша авторлық ұстанымын білдіру | |

## *5.3 Эссені бағалау критерийлері*

| Критерийлер | Дескрипторлар | Балл |
|---|---|---|
| Тақырыпты ашу терендігі (11балл) | проблема ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрысқолдана отырып,теориялық деңгейде ашылған | 5 |
| | проблеманы ашу кезінде өзіндік көзқарасы(ұстаным,көзқарас) берілген | 4 |
| | әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратпайдаланылған | 2 |
| Айғақтау, дәлелдеу базасы (11балл) | эссе тақырыбына сәйкес келетін ғылыми әдебиеттер мен дереккөздерден дәлелдердің болуы | 5 |
| | себеп-салдарлық байланыстарды анықтау | 4 |
| | тарихи,әлеуметтік және жеке тәжірибелерден алынған фактілер мен дәлелдемелердің болуы | 2 |
| Тұтастық және мазмұндау логикасы (11балл) | тұтастықтың болуы,эссенің құрылымдық компоненттері логикалық түрде байланысқан | 5 |
| | ішкі логиканың болуы, жекеден жалпыға қарай, жалпыдан жекеге қарай ойлау | 4 |
| | тұжырымдар мен қорытындылардың болуы | 2 |
| Сөйлеу мәдениеті (2балл) | Академиялық хат жазудың жоғары деңгейін көрсету (лексика, ғылыми терминологияны білу, грамматика, стилистика) | 2 |
| | **Барлық балл саны** | **35** |

## *5.4 Емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады:*

| Блоктар | Сұрақтың сипаты | Балл саны |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| 1-сұрақ (бірінші күрделілік деңгейі) | теориялық-теориялық білімнің деңгейімен жүйелілігін анықтайды | 15 |
| 2-сұрақ (екінші күрделілік деңгейі) | практикалық – функционалдық құзыреттіліктің қалыптасу дәрежесін анықтайды (пән саласындағы әдістерді, технологияларды қолдана білу) | 20 |
| 3-сұрақ (үшінші күрделілік деңгейі) | Зерделенетін пән саласын жүйелі түсінуді, зерттеу. Әдіснамасы саласындағы мамандандырылған білімді анықтайды (жүйелік құзыреттер) | 30 |
| | **Барлық балл саны** | 65 |

## *5.5 Емтихан билетінің сұрақтарына жауаптарды бағалау критерийлері:*

| **Сұрақ** | **Бағалау критерийлері** | **Балл саны** |
|---|---|---|
| 1-сұрақ | Зерттелетін пән саласының негізгі процестері туралы білімдерін көрсетеді; мәселенің ашылу тереңдігімен толықтығы | 7 |
| | талқыланатын мәселе бойынша өз пікірін қисынды және дәйекті түрде білдіреді | 5 |
| | Ұғымдық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген | 3 |
| | **Жиыны** | **15** |
| 2-сұрақ | пәндік саласындағы проблемаларды шешу үшін әдістерді, техникаларды, технологияларды қолданады | 9 |
| | құбылыстарға, оқиғаларға, процестерге дәлелдер келтіреді, салыстырады, жіктейді; практикалық дағдылар негізінде тұжырым жасайды және қорытындылайды | 7 |
| | әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдайды | 4 |
| | **Жиыны** | **20** |
| 3-сұрақ | теориялық және практикалық әзірлемелерді, ғылыми тұжырымдамаларды және ғылым дамуының қазіргі заманғы үрдістерін сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды | 13 |
| | пән білімінің негізгі мәселелерін түсіндіруде әдіснамалық тәсілдерді жинақтайды | 10 |
| | процестерді, құбылыстарды, оқиғаларды талдау кезіндесебеп-салдарлық байланыстарды анықтайды | 7 |
| | **Жиыны** | **30** |
| | **БАРЛЫҒЫ** | **65** |

**5.6 Түсу емтиханының өткізу регламенті.**

Оқуға түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, 3 сұрақтан тұратын емтихан билетіне жауап береді.

## 6 Емтихан материалдары

***Жоғары мектеп педагогикасы тақырыптық мазмұны.*** Жоғары мектеп педагогикасының теориялық-әдіснамалық негіздері. Қазіргі әлемдегі жоғары білім берудің дамуының негізгі бағыттары мен тенденциялары. Білім берудің жаңа парадигмасы.

Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру. Қазіргі қоғамдағы жоғары білім берудің рөлі мен орны. Қазақстан Республикасындағы білім беру саясаты. Қазақстан жоғары мектебінің қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері. Болонья процесі. Жоғары мектепте ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау.

Білім беру саласы педагогикалық ғылымның объектісі ретінде. ЖОО-дағы педагогикалық жүйенің түрлері. Қазақстандық ғалым-педагогтардың жоғары мектеп педагогикасын дамытуға қосқан үлесі. Нәтижеге бағытталған білім беру. Кәсіби құзіреттілік ұғымы. Жоғары оқу орындарында шығармашылық-дамытушылық ортаны қалыптастыру. Жоғары мектеп оқытушысының тұлғасы және оның құзіреттілігіне қойылатын қазіргі заманғы талаптар. Жоғары мектеп оқытушысының коммуникативтік құзіреттілігі. Кәсіптік-зерттеушілік мәдениет - педагогтың шығармашылық дамуының негізі ретінде.

Жоғары мектептегі оқыту теориясы (Дидактика). Кәсіптік оқыту үдерісінің мән-мағынасы. Жоғары мектептегі оқыту үдерісінің құрылымы мен негізгі компоненттері. Оқыту үдерісінің қозғаушы күші. Жоғары мектептегі оқыту үдерісінің әдіснамалық негіздері.

Білім мазмұны. Жоғары білім беру мазмұнына қазіргі көзқарастар. Жоғары білім беру мазмұнының негізгі компоненттері. Білім беру мазмұнын қалыптастырудың негізгі теориялары. Білім мазмұнының негізгі компоненттері. Жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және оның қызметі. Білім беру мазмұны бейнеленетін нормативті құжаттар: оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары.

Жоғары мектепте оқыту үдерісін ұйымдастыру. Оқытудың дәстүрлі әдістері мен формалары. Болашақ мамандарды дайындаудағы оқытудың интербелсенді әдістері мен формалары.

Жоғары мектептегі тәрбие жұмысы. Жоғары мектеп - әлеуметтік институт ретінде. Маманды тәрбиелеу және қалыптастыру. Жоғары мектептегі тәрбие жұмысының бағыттары мен мән-мағынасы - болашақ маманның тұлғасын әлеуметтендіру үдерісі ретінде. ЖОО оқытушысының жаңа қызметі (тьютор, фасилитатор, тәлімгер).

ЖОО ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ғылыми негіздері. Жоғары мектептегі оқу үдерісін оқытудың кредиттік жүйесі

негізінде ұйымдастыру. Студенттердің оқу үдерісі мен өзіндік жұмыстарын оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету технологиясы. Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында оқу сапасын бағалау.

***Жоғары мектеп психологиясы тақырыптық мазмұны.*** Жоғары мектеп психологиясының пәні мен міндеттері. ЖОО-да оқытудың психологиялық теориясы мен педагогикалық практикасының мазмұны. Студент психологиясы және акмеология.

ЖОО-да оқыту үдерісіндегі студенттің интеллектуалдық функциялары (есте сақтау, ойлау, зейін) мен жеке тұлғасын дамыту. Студенттердің оқу қызметінің мотивтері.

ЖОО-да оқыту мен тәрбиелеу жұмысы белсенді әдістерінің психологиялық негіздері. Студенттік ұжымның әлеуметтік психологиясы. Студенттердің ЖОО-да білім алу кезіндегі топтық динамикасы. Студенттер тобындағы көшбасшылық және кикілжіңдер. Студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмысы барысында әлеуметтік-психологиялық факторларды есепке алу. Педагогикалық қарым-қатынас психологиясы. Аудиторияға әсер ету психологиясы. Педагогтың кикілжіңді жағдайларды шешу психологиясы. Студенттер мен оқытушылардың бірлескен танымдық қызметі.

Жоғары мектеп оқытушыларының педагогикалық қызметінің психологиясы. Педагогтың кәсіби тұлғалық дамуы. Ғылыми және педагогикалық шығармашылықтың жас ерекшелік динамикасы. Ғылыми-педагогикалық ұжымның психологиялық ерекшелігі. ЖОО-да жас ғалымның қалыптасуының психологиялық аспектілері. ЖОО-ның психологиялық қызметі: ұйымдастыру, мақсаты, міндеттері, жұмыс тәжірибесі. Тұлғаның және студенттер тобының психодиагностикасы. Студенттер мен оқытушыларға психологиялық кеңес беру. Педагогикалық мотивацияларды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету.

***Бастауыш білімнің қазіргі мәселелері, Ғылыми-зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері практикумымен тақырыптық мазмұны.*** Ғылыми таным – зерттеу нысаны ретінде. Педагогикалық зерттеуді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету. Ғылыми білімдер жүйесіндегі педагогика. Білім беру саласындағы ғылыми қызметтің ерекшелігі. Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық ұстанымдары. Дидактикалық, тарихи-педагогикалық, әлеуметтік-педагогикалық, салыстырмалы-педагогикалық, әдістемелік, психологиялық, педагогикадағы әдіснамалық, әдістемелік, тәрбие саласына қатысты зерттеулердің әдіснамасы.

Ғылыми-зерттеудің әдіснамалық аппаратын құрастырудың логикасы. Тақырыптың өзектілігі, ғылыми зерттеудің болжамы, кезеңдері. Ғылыми зерттеудің әдістері.

Педагогикалық эксперимент. Эксперимент түрлері. Зерттеудің нәтижелері және оларды сипаттаудың тәсілдері. Ғылыми нәтижелердің жаңашылдық өлшемдері. Ғылыми-зерттеу нәтижелерінің сенімділік мәселесі.

***Педагогикалық зерттеулердегі математикалық өңдеу әдістері, Ғылыми-педагогикалық жобалау технологиясы***

Ғылыми зерттеудің жалпы әдіснамасы және педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздері. Әдіснаманың ғылыми ұстанымдары. Педагогикалық ғылыми зерттеудің деңгейлері, әдіснамалық ұстанымдары, ғылыми зерттеудің негізгі компоненттері, ғылым логикасы. Ғылыми таным әдістерінің классификациясы. Педагогика мен психологияда ғылыми зерттеу әдістерінің жүйесі. Ғылыми – педагогикалық зерттеудің құрылымы мен логикасы. Ғылыми таным формалары. Теорияларды құрудың эвристикалық принциптері. Педагогикалық эксперимент ұғымы, түрлері және кезеңдері. Зерттеу нәтижелерін эксперименттен өткізу жұмыстары. Педагогикалық модельдердің түрлері. Жоғары білім берудің сапасын қамтамасыз етудің Европалық ассоциациясы. Бағдарламаларды тұрақты бақылау және мерзімді бағалау процессі. Білім берудегі мониторинг және диагностика. Педагогикалық жобалаудың формалары мен принциптері Педагогикалық жобалау кезеңдері. Педагогикалық жобалаудың әдіснамалық тұғырлары. Диаграммалар, гистограммалар және олардың түрлері. Эксперимент нәтижелерін математикалық өңдеудің корреляциялық негіздері.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**


1 Таубаева Ш.Т. Ш.Т.Таубаева Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. –Алматы:Қазақ университеті. – 2019.- 388 б.
2 Құсайынов А.Қ. Орта білім беру сапасын көтерудің ғылыми-практикалық негіздері.- Алматы: ПҒА. 2023. – 182 б.
3 Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: «KEMEL KITAP» ЖШС, 2024. - 355 б.
4 Амирова А.С. Заманауи бастауыш білім берудің теориялық-әдіснамалық мәселелері. – Алматы, 2020.- 422 б.
5 Бұзаубақова К.Ж., и др. Цифрлық педагогика (оқулық) Тараз, 2024. – 320 с.
6 Бұзаубақова К.Ж., и др. Цифровая педагогика (учебник). – Тараз, 2023, 264б.
7 Buzaubakova K.Zh. and other. Digital Pedagogy Taraz, 2023 – 286 p.
8 Амирова А.С. т.б. Гибридті білім беру технологиясы (оқу құралы). – Алматы, 2023.- 208 б.
9 Амирова А.С., Жусупбекова Г. Актуальные проблемы педагогики начальной школы и науки (учебное пособие). – Алматы, 2024. – 388 с.
10 Amina Amirova Actual Problems of primary school pedagogy and science Tutorial. (magistracy) (REMB) Almaty: «Polygrfia servis i K», 2020 – 432 p.
11 Амирова А.С. Шығармашылық – педагог кәсібінің негізі (монография). Алматы: «Полиграфия и Сервис К», 2022 -182 с.
12 А.К.Мынбаева, А.Б.Айтбаева, Ә.М. Құдайбергенова Жоғары мектеп педагогикасы негіздері: Оқу құралы. - Алматы, 2016.-191 б.
13 Әбдікерова Г.О. Жоғары білім беру жүйесі: мәселелер мен перспективалар: монография / Г.О.Әбдікерова, Ә.Т.Омарова,

С.М.Дүйсенова, 2017. - 119 б.
14 Әлқожаева, Нұрсұлу Сейткерімқызы. Ғылыми педагогикалық зерттеулердің негіздері [Мәтін] : оқу құралы / Н. С. Әлқожаева, 2019. - 127 б.
15 Смирнов С.Д. Психология и педагогика в высшей школе. Учебное пособие для вузов. – М.: Юрайт, 2018. – 352 с.
16 Умбиталиев А.Д.«Басқару психологиясы»: оқу құралы / А.Д. Умбиталиев, К.Б. Сатымбекова, Ғ.Е. Керімбек / Алматы: Экономика, 2017. - 464 б.
17 Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика: Учебник для магистратуры университетов. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 328 с.
18 Смирнов С.Д. Психология и педагогика в высшей школе. Учебное пособие для вузов. – М.: Юрайт, 2018. – 352 с
19 Амирова А.С. Ғылым мен бастауыш білімнің қазіргі мәселелері. – Алматы, 2017. -380 б.
20 Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы: оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2016. - 432б.
21 Новиков А.М. Методология научного исследования: учеб.-метод. пособие / А.М.Новиков, Д.А.Новиков. - 4-е изд. - М.: URSS: ЛЕНАНД, 2017. - 270 с.